

предложения по организации технического сервиса на предприятиях по схеме «производитель – потребитель».

M.K. Kamysbayev

CARRYING OUT TECHNICAL SERVICE ON THE PRODUCER-THE CONSUMER SYSTEM FOR DEVELOPMENT IS MATERIAL – TECHNICAL BASE OF AGRICULTURE

In article problems of providing agriculture are considered by equipment. Data on security of agriculture with equipment are provided. Offers on the organization of technical service at the enterprises for the scheme "the producer – the consumer" are developed.

ӘОЖ 631.10.10

Қамысбаев М.Қ., Егізбаева Г.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІК ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Аннотация. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономика жолымен дамыған елдерде экономикалық жүйенің толыққанды жұмыс істеуі үшін тек қана ерікті баға саясаты жүргізілмейді. Әлеуметтік-экономикалық маңызы зор, соның ішінде халыққа аса қажет азық-түлік түрлерінің бағалары мемлекет тарапынан тікелей де және жанама жолдармен де үнемі реттеліп отырады.

Кілт сөздер: азық-түлік, азық-түлік қауіпсіздігі, аграрлық сектор, агроөнеркәсіп кешені, ауылшаруашылық өнімдері, тұтыну бағасы, субсидия бөлу, бағаны реттеу.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында экономиканы индустриялық-экономикалық жаңартуға, қазақстандық өнім құрамын ұлғайтуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағдарланған ірі жобаларды жүзеге асыру көзделген [1]. Елбасы атап өткен бизнес мүмкіндіктерін жүзеге асыру ұлттық экономика салаларының кең ауқымында ұлғайюын қамтамасыз етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі. Әлемнің көпшілік елдеріндегі сияқты, қауіпсіздіктің бұл аспекті мемлекеттік саясат пен ғылыми-зерттеулердің маңызды бағыты болып келеді. Бұл 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында атап өтілген. Осының негізінде Қазақстанда импортты алмастыруды арттыруға энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған салалық және аймақтық бағдарламалар әзірленді. Мұнда Қазақстанның әрбір аймағы шаруашылық жүргізудің ерекше жағдайларын ескере отырып, өзінің бәсекеге қабілетті артықшылықтары мен нарықтық тәуекелдерін пайдалану арқылы өз стратегиясын дайындайды.

Дүние жүзі елдерін түгелдей қамтыған қаржылық, экономикалық дағдарыс кезеңінде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оны одан әрі тиімді дамыту және елімізде азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудың әлеуметтік-экономикалық және саяси мәні зор болып отырғаны белгілі.

Біздің еліміз дүние жүзінің ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін негізгі 25 мемлекеттің қатарына енеді және өзінің ресурстық әлеуеті жағынан қазіргі деңгейден 3-5 есе артық өнім өндіруге мүмкіндігі бар екені белгілі. Сонымен қатар, сарапшылар

аграрлық сектор есебінен ІЖӨ-нің өсімі жаһандық дағдарыс салдарынан болып отырған кедейшілікті азайтуға басқа секторлардың ІЖӨ-нің өсуіне әсер етуі жағынан 4 есе тиімді болатынын нақты жобалармен айқындап беріп отыр. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның аграрлық секторында шешімін күтіп тұрған күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемалар да жоқ емес.

Әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде ауыл шаруашылығы саласын одан әрі дамыту үшін 2009-2011 жылдары республикалық бюджеттен 350 млрд. теңге бөлінген. Оған қосымша агроөнеркәсіп кешенін қолдауға және одан әрі дамытуға «ҚазАгро» холдингінен 150 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылған [2]. Бұл іс-шараларды әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялармен біріге отырып жүзеге асыру көзделген.

Мемлекет тарапынан бөлінетін инвестицияны бірінші кезекте жұмыс істеп тұрған және өнімі экспортқа бағытталған кәсіпорындар мен салаларға жұмсау қарастырылған. Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету проблемасын шешудің маңызды бөлігі – ол рыноктағы тұтыну бағасын тұрақтандырып, оны халықтың басым көпшілігінің қолы жететіндей деңгейден асырмауды қамтамасыз ету болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігі дегенде, біз көбінесе отандық өнімдер көлемінің халықтың тұтыну сұранысын қанағаттандыруы тұрғысынан қараймыз да, оның шешуші көрсеткіші – халықтың сол өнімдерге экономикалық тұрғыдан қол жеткізу мүмкіндігін, яғни олардың бағасының халықтың табысына сәйкес болуын ескере бермейміз. Демек, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтумен қатар, халықтың әл-ауқатын жақсартуда да экономикалық даму тетіктерін жүйелі үйлестіре жүргізу қажет.

Бұл мәселені жүзеге асыруда төмендегідей жағдайларды ескеру қажет. Еркін рынок жағдайында кез келген тауарға баға сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы негізінде реттеледі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономика жолымен дамыған елдерде экономикалық жүйенің толыққанды жұмыс істеуі үшін тек қана ерікті баға саясаты жүргізілмейді. Әлеуметтік-экономикалық маңызы зор, соның ішінде халыққа аса қажет азық-түлік түрлерінің бағалары мемлекет тарапынан тікелей де және жанама жолдармен де үнемі реттеліп отырады. Нарықтық экономика жағдайында тауар ұсынысының көлемі мен оның сұраныс деңгейінің арақатынасы бағаны өзі реттейді деген қағиданың ғаламдық интеграция мен бәсекелестіктің күшеюі жағдайында үнемі жүзеге аса бермейтін соңғы жылдардағы күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер көрсетіп отыр. Сонымен бірге оның ішкі рынокқа, жалпы еліміздің экономикасына да кері әсерін тигізетіні анық.

Нақты мәліметтерге жүгінсек, өнімді сату бағасы жылдан-жылға өсіп келеді, бірақ оның қарқыны базардағы, дүкендердегі тұтыну бағасының өсу қарқынынан әжептеуір кем. Мысалы, 2008 жылы ауылдағы мал өнімдерінің бағасы алдындағы жылмен салыстырғанда 17-18% өссе, базардағы сүт бағасы – 41% , еттің бағасы – 30-33%, құс еті – 42%, жұмыртқа 35% өскен. Бұның себебі, өнім өндірушілер мен оны тұтынушылар арасында жүрген делдалдардың, алыпсатарлардың көптігі, ауылшаруашылық өнімдерін орталықтандырылған жүйемен шаруалардан кепілді бағамен сатып алудың және көтерме сауда базарларында, бөлшек сауда орындарында ұтымды жүйенің қалыптаспауы. Қазіргі жағдайда азық-түлік базарларына өнім өндірушілер тікелей өздері шыға алмайды.

Сондықтан мемлекет ауыл шаруашылығын қаржылай қолдауды күшейте отырып, дамыған шетелдердегідей ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік бағасын тікелей және жанама түрде реттеу механизмдерін қолдануы керек.

Дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне қарасақ, олардағы баға реттеу тетіктері тек тауар өндірушілердің ғана мүддесін емес, сонымен бірге тұтынушылардың да мүддесін қорғауға және импортты шектеуге бағытталған. Мысалы, Жапония ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерінің бірі күрішті ел ішінде өз тауар өндірушілерінен ынталандыру мақсатында әлемдік бағалардан 6-8 есе жоғары бағамен сатып алады. Сонымен қатар бұл өнімнің импортына шектеу де қойылған. Біздің республикада да азық-түліктің бағасын реттеу мен оның тұрақты қорын жасау үшін ауылшаруашылық

өнімдерінің біраз көлемін мемлекет кепілді бағамен, өнім өндірушілерден сатып алу механизмін енгізу қажет.

Айта кететін жағдай, мемлекет қорына астық сатып алу жұмысын жүргізуде Азық-түлік корпорациясы соңғы жылдары тиімді нәтижеге жетіп жүр. Бірақ оның сатып алу көлемі жылына 1,0-1,2 млн. тоннадай ғана болған соң, астық рыногындағы бағаның деңгейіне үлкен әсер ете алмайды.

Сондықтан, бұл мемлекеттік кәсіпорын астықты сатып алу көлемін 3 млн. тоннаға жеткізсе (оның 2,5 млн. тоннасы азық үшін, 500 мың тоннасы – астық қоры), ішкі рыноктағы астық пен астық өнімдерінің тұтыну бағасын тұрақты бір деңгейде ұстауға мүмкіндік туар еді. Осы орайда, еліміздің негізгі ауылшаруашылық өнімдерінің бірі, астықтың мемлекеттік тұрақты қорын жасаудың маңызы зор. Өйткені астыққа елімізге қажетті ішкі сұраныс қана емес, сыртқы рыноктағы сұраныстың да өте жоғары екені белгілі. Мысалы, 2007 жылдың күзінен бастап, шетелдерде астыққа деген сұраныстың көбеюінен, оның бағасы 3-4 есе күрт өсіп кетті. Соның салдарынан еліміздегі жиналған астықтың экспортқа шығарылуы шектен тыс белең алып, ішкі сұранысқа қажетті астықтың тапшылығы байқала бастады. Аталған жағдайды реттеуде сол кезде ішкі астық рыногын мемлекет тарапынан тұрақтандырудың тиімді тетіктері жеткіліксіз болып шықты. Соның салдарынан нан өнімдерінің бағасы екі-үш айдың ішінде 2 есеге өсіп, мал өнімдерінің өзіндік құнымен бағасы 20-30% өсті

Жоғарыда аталған күрделі жағдайларды реттеу, шетелдерде мемлекеттік қорға астықты жеткілікті мөлшерде сатып алып, қажет кезінде тауарлық (астық) интервенция жүргізу арқылы ұтымды түрде шешімін табатыны белгілі. Тауарлық интервенция – ұсыныс азайып немесе сыртқы сұраныс көбейіп, әлемдік баға күрт өсіп, экспорт көлемі ұлғаю салдарынан ішкі рынокта жетіспеушілік байқалып, тұтыну бағасы шамадан тыс өскен жағдайда жүргізіледі. Осыған орай, біріншіден, астықтың тұрақты қорын жасау, екіншіден, ауылшаруашылық өнімін өндірушілерден тікелей мемлекеттік мекемелерге қажет өнімдерді (картоп, көкөніс, сүт, т.б.) тұтыну көлеміне сәйкес сатып алып, бюджеттен қаржыландыратын мекемелерді толық қамтамасыз ету керек. Бүгінде олар азық-түлікті ашық тендер арқылы немесе делдалдардан тым жоғары бағамен сатып алуда. Бұл жағдайда жемқорлыққа тосқауыл қою қиындай түсетіні де анық. Егер мемлекет бұл мәселені өз құзіретіне алса, біріншіден, көптеген мемлекет қаржысы үнемделер еді, екіншіден, ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер үшін бұл өнімдердің кепілді, тұрақты сату көзі болып табылар еді.

Ұлттық экономиканың қазіргі даму кезеңінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздік және азық-түлік тәуелсіздік проблемаларының өзектілігі жоғарылап отыр. Бұл проблеманы республика АӨК-нің даму деңгейін арттыру арқылы шешуге болады. Ол деңгей – республика халқын азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету.

Қорыта айтқанда, болашақта ауыл шаруашылығын қолдауға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының көлемін көбейтумен қатар, субсидия бөлу мен бағаны реттеу тетіктерін жетілдіру – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторлары болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»// Егемен Қазақстан, - 29 қаңтар 2012 ж.
2. «ҚазАгро» Ұлттық холдингі мәліметтері. Астана 2011ж.

М.К. Камысбаев, Г.К. Егизбаева

ФУНКЦИИ МЕХАНИЗМА ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ В РЕШЕНИИ ПРОБЛЕМ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В статье рассмотрены функции механизма государственного регулирования в решении проблем продовольственной безопасности. Разработаны предложения по поддержке агропромышленного комплекса для обеспечения продовольственной безопасности страны.

M.K. Kamysbayev, G. Egizbaeva

FUNCTIONS OF THE MECHANISM OF STATE REGULATION IN THE SOLUTION OF PROBLEMS OF FOOD SECURITY

In article functions of the mechanism of state regulation in the solution of problems of food security are considered. Offers on support of agro-industrial complex are developed for ensuring food security of the country.

УДК 338.53

Ж.К. Малгараева

Казахский национальный аграрный университет

ФУНКЦИОНАЛЬНОЕ СОДЕРЖАНИЕ ЦЕНОВОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация. Ценоформирующие мотивы потребительского поведения домохозяйств; условия выбора конкурентной стратегии; факторное воздействие конкуренции в разрезе отраслей и их особое значение; факторы устойчивости конкурентных преимуществ.

Ключевые слова: эффекты производства; конкурентная стратегия; конкуренция; инновационные технологии; инновационный спрос потребителей; инновационный сегмент отрасли; инновационная модификация; инновационная модификация стоимости.

Ценоформирующие мотивы потребительского поведения домохозяйств структурируются следующим образом:

- внутренними импульсами являются потребительский выбор, основанный на свободе выбора и сегментации потребностей;
- внешним импульсом является доход. Именно его изменение воздействует на возможное изменение цен и, соответственно, масштабов потребления.

Производитель товаров и услуг, представленный экономическим субъектом фирмой на рынке, реализуя свое производственное поведение, также ориентирован на ценообразующий механизм. В его арсенале – эффекты производства. Ведь деятельность фирмы подчинена закономерности «затраты – выпуск». Поэтому, в первую очередь, на формирование цен воздействуют ресурсные ограничения и лимиты производственной функции. Для рационального функционирования фирме необходимо определить собственный вариант производственной функции с целью нахождения наиболее оптимального соотношения факторов производства для данного объема выпуска продукции. В условиях постоянного роста издержек на приобретение факторов производства проблема поиска способов максимизации прибыли и снижения затрат становится все более и более острой. Следующий пласт воздействия на цены представлен рыночными стимуляторами, в частности поиском вариантов конкурентных преимуществ. Для этого фирма должна обосновать конкурентную стратегию.